

Зайнолла Самашев . Ольга Кузнецова . Вячеслав Плахов  
Zainolla Samashev . Olga Kuznetsova . Vyacheslav Plahov

САРАЙШЫҚТЫҢ ҚЫШ БҰЙЫМДАРЫ . КЕРАМИКА . САРАЙЧИКА . CERAMICS OF SARAICHIK HILLFORT



In the year 1380 Toktamys conquered power in Golden Horde under support of Emir Timur. But his aspirations for revival of state's greatness recalled discontent of Timur and new stage of cruel fight for power had been started. Biographer of Timur, Ibn Arabshah wrote: "Forward troops of him reached Azak and he destroyed Sarai, Saraiyuk, Khajitarkhan and all that regions. But written sources and archaeological materials show, that town's life after destroy was not stopped. Part of constructions was restored and then, on the ruins of Sarai at the beginning of the XV century new houses were built. By their type they repeated houses of previous period. Rooms were in size 4 by 5 meters. Sofa-bed-benches, heated by kan system were situated along walls. Sofa were plastered by alabaster. At the same time houses had characteristic peculiarity. It was concluded in deepening by premises lower of level of wall's basis. Traces of yurts were seen in yards sometimes. Architects concurred objects with early big and bright constructions in town, for example, building of khana under construction of new buildings.

The book is devoted to characteristics of the most numerous categories of researches of West-Kazakhstan expedition on ruins of medieval town Sarai.

researches of West-Kazakhstan expedition on ruins of medieval town Sarai.

*Город служил важным перевалочным пунктом на Великом Шелковом пути.*



*В 1380 г. город Сарай был разрушен войсками Тимур-Ленка. В 1450 г. на его развалинах возродили новый город. Этот город служил важным перевалочным пунктом на Великом Шелковом пути. В 1480 г. город был разрушен войсками Ибрагима Калкандаровича. В 1500 г. на его развалинах возродили новый город. Этот город служил важным перевалочным пунктом на Великом Шелковом пути. В 1550 г. город был разрушен войсками Шейх-мухаммеда. В 1600 г. на его развалинах возродили новый город. Этот город служил важным перевалочным пунктом на Великом Шелковом пути. В 1650 г. город был разрушен войсками...*

Ш БҮЙИМДАРЫ

КЕРАМИКА САРАЙЖУКА

САРАЙЖУКА

САРАЙШЫҚТЫҢ ІТ...



As the majority of other towns, Saraijuk was formed for management of areas of Shoahy Ulus. Palaces and administrative buildings for nobility were constructed in town, and blocks of free people, merchants and handicrafts-men appeared around them. Probably, settlement existed there in the earliest period and there was convenient pass through Jaiyk River. Saraijuk route passed there from ancient times, in that picturesque place in endless steppe, on southern part of border between Europe and Asia. Town served as important staging point along Great Silk Road.

# Сарайжук (совр. Сарайчик)





Сарайшықтың қыш  
бұйымдары

Керамика  
Сарайчика

Ceramics of  
Saraichik Hillfort



ББК. 63.4

С 17

- С 17 Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. – Алматы, 2008. – 264 б.  
Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Керамика Сарайчика. – Алматы, 2008. – 264 с.  
Samahev Z., Kuznetsova O., Plakhov V. Ceramics of Saraichik hillfort. – Almaty, 2008. – 264 p.

Бұл басылымда ортағасырлық Сарайшықта 1989 – 2008 жылдардағы қазба жұмыстарының нәтижесінде жинақталған қыш бұйымдар кешені жан-жақты зерттелген

Книга посвящена характеристике и анализу наиболее многочисленной категории археологических находок – керамических изделий, полученных в результате исследований на городище Сарайчик в 1989 – 2008 гг.

The book is devoted to characteristics of the most numerous category of findings, like ceramic items, received in the result of researches of West-Kazakhstan expedition on ruins of medieval town Saraichik in the years 1989-2008

ББК. 63.4

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің  
Ә.Х. Марғұлан атындағы археология Институтының ғылыми кеңесі ұсынды

Книга рекомендована к изданию решением Ученого совета Института археологии  
им. А.Х.Маргулана МОН РК

The book is recommended for publication by decision of Scientific Board of A.Kh. Marguiian Institute  
of Archaeology, MES RK

Ғылыми редактор: тарих ғылымдарының докторы, профессор Елеуов М.

Научный редактор: доктор исторических наук, профессор Елеуов М.

Scientific editor: doctor of History sciences, professor Eleuov M.

Пікір жазғандар: тарих ғылымдарының докторы, профессор Подушкин А.Н.

Рецензенты: тарих ғылымдарының докторы, профессор Жолдасбаев С.

Reviewers: Doctor of History sciences, professor Podushkin A.N.

Doctor of History sciences, professor Zholdasbayev S.

ISBN 978-601-7153-00-7

© Самашев З., Кузнецова О., Плахов В., 2008

© ЖШС «Археология» шығармашылық топ 2008

© ЖШС «ZUR advertizing» басып шығару, 2008

© Умарова Г., Умаров А. дизайн, 2008

© Белялов О., фото, 2008

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты  
Министерство Образования и Науки Республики Казахстан Институт археологии им. А.Х.Марғұлана  
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan A.Kh. Margulan Institute of Archaeology

Зайнолла Самашев  
Ольга Кузнецова  
Вячеслав Плахов

Zainolla Samashev  
Olga Kuznetsova  
Vyacheslav Plakhov

Сарайшықтың қыш  
бұйымдары  
Керамика  
Сарайчика  
Ceramics of  
Saraichik Hillfort

Алматы 2008




Самашев Зайнолла, Главный  
научный сотрудник института  
археологии МОН РК



Кузнецова Ольга, научный  
сотрудник института археологии  
МОН РК



Плахов Вячеслав, заведующий  
отделом археологии музея  
г. Астрахань. РФ





## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	6
САРАЙШЫҚТЫҢ ТАРИХИ ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ.....	9
САРАЙШЫҚТЫҢ ҚЫШ БҰЙЫМДАР КЕШЕНІ.....	31
СЫРЛАНБАҒАН ҚЫШ БҰЙЫМДАР.....	33
Сырланбаған қызыл балшықты қыш бұйымдар.....	33
«Қаражылтырақ» қыш ыдыстар.....	48
«Штампөрнекті» қыш ыдыстар.....	49
СЫРЛАНҒАН ҚЫШ БҰЙЫМДАР.....	54
Сырланған қызыл балшықты қыш бұйымдар.....	54
Кашиндік балшықтан жасалған қыш ыдыстар.....	59
ҚОРЫТЫНДЫ.....	70
ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР.....	75
ӘДЕБИЕТ.....	262

## СОДЕРЖАНИЕ

ПРЕДИСЛОВИЕ.....	6
САРАЙЧИК: СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ.....	9
КЕРАМИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС САРАЙЧИКА.....	31
НЕПОЛИВНАЯ КЕРАМИКА.....	33
Красноглиняная неполивная керамика.....	33
«Чернолощенная керамика».....	48
Керамика со штампованным орнаментом.....	49
ПОЛИВНАЯ КЕРАМИКА.....	54
Красноглиняная поливная керамика.....	54
Кашинная поливная керамика.....	58
ЗАКЛЮЧЕНИЕ.....	70
ИЛЛЮСТРАЦИИ.....	79
ЛИТЕРАТУРА.....	262

## TABLE OF CONTENTS

PREFACE.....	240
SARAICHIK: PAGES OF HISTORY.....	240
CERAMIC COMPLEX OF SARAICHIK HILLFORT.....	245
UNGLAZED CERAMICS.....	245
Red clay Unglazed ceramics.....	245
«Black Polished ceramics».....	250
Ceramics with Stamped Ornament.....	250
GLAZED CERAMICS.....	252
Red clay Glazed ceramics.....	252
Cashine Glazed ceramics.....	253
CONCLUSION.....	257
LITERATURE.....	262
ILLUSTRATION.....	79

## АЛҒЫ СӨЗ

Соңғы кездері көшпелілер қаласының пайда болуы мен олардың тарихи тағдырын байыптау барысында Жошы Ұлысындағы мәдени даму мен өзгерістерді зерттеуге деген қызығушылық байқалады. Бұл ғылыми міндеттерді жүзеге асыруда археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған дерек көздерінің құндылығы арта түсуде.

3. Самашевтың басшылығымен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Сарайшықта 1989-2008-ші жылдар аралығында жүргізген зерттеулері тікелей осы қаланың материалдық және рухани тарихына байланысты, Алтын Орда және оған көршілес мемлекеттерде орын алған этно-әлеуметтік және мәдени үрдістерді зерделеуге мүмкіндік беретін бірден бір тыңғылықты материал қорын жасады. Қазіргі таңда қалада жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері сарапталып, жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізіле бастады.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған жаңа басылымды Сарайшық қаласының қыш бұйымдар кешенін жиырма жылға жуық зерттеудің ғылыми қорытындысы деп қарауға болады.

Кітапта сарапталған материалдар Сарайшықтың

Жошы Ұлысының басқа аймақтарымен арадағы күрделі де, жан-жақты байланыста болғанын ашуға, қала келбетінің өзгеруі қыш бұйымдар мен сәулеттік безендіруде, әшекейлерде көрініс тапқан. Сондай-ақ, қаланың гүлденуінде оның экономикалық негізін қалаудағы қыш өндірісінің тиісті рөлін анықтауға мүмкіндік беріп, атағымен әлемге танылған қаланың шаруашылық және мәдени өміріне қатысты кейбір өзекті тарихи мәселелерді зерттеудегі ақтандақтардың орнын толықтырады.

Еуразияда XIII-XVI ғасырларда орын алған күрделі экономикалық, саяси және мәдени-тарихи процестер тоғыз жолдың торабы болған Сарайшықтан табылған қыш бұйымдардың түр-сипаттарынан белгі беріп, сыр шертеді. Сол себепті кітаптағы түрлі мәліметтер тек қыш бұйымдарды зерттейтін мамандармен қатар, тарихшы және басқа да ғылым саласындағы оқырмандарға қажетті дерек болар деген ойдамыз.

Қаланың мәдени кабаттарынан табылған бұйымдардың сан алуан өнімдері ең алдымен Сарайшықтың жеке өзіндік қыш өндіру мектебінің қалыптасу кезеңдерін

## ПРЕДИСЛОВИЕ

В последнее время в контексте разработки вопросов возникновения кочевнических городов и их исторических судеб возрос интерес к проблемам, связанным с развитием и трансформацией культур улуса Жошы. Первостепенное значение в реализации этих задач приобретают материалы археологических раскопок.

Исследования Западно-Казахстанской археологической экспедиции 1989-2007 гг. под руководством З. Самашева на Сарайчике создали объективную источниковую базу для изучения не только материальной и духовной истории этого города, но и важнейших этносоциокультурных процессов, происходивших в Золотой Орде и в соседних государствах.

Проанализированный в книге и введенный в научный оборот материал восполняет пробелы в изучении хозяйственно-культурной жизни Сарайчика, выявляет его многообразные связи с иными регионами, отражает изменения в городском облике, прослеживаемые на

изделиях гончаров и в архитектурном декоре, а также определяет роль гончарного производства в экономическом процветании города.

Сведения, содержащиеся в книге, несомненно, вызовут интерес не только у специалистов по керамике, но и у историков, поскольку керамические изделия, обнаруженные на месте мощного транзитного центра, каковым являлся Сарайчик, невольно отражали и сложные экономические, политические и культурно-исторические процессы в Евразии XIII-XVI вв.

Кроме того, разнообразные керамические изделия представляют собой важный источник для постижения процесса становления здесь собственной школы гончаров.

Археологическая процедура – описание, типология, классификация и др., осуществленная в данной работе, позволяет выделить присущие местным гончарам формы изделий и технологические приёмы и определить

анықтап зерттеуге қажет маңызды еңбек болып табылады.

Сипаттау, топтау, жіктеу және де басқа осы кітапта жүзеге асырылған ғылыми шаралар қыш бұйымдарды жасауда Сарайшық көзешілеріне тиесілі түрлер мен технологиялық тәсілдерді айқындауға және жергілікті өндіріске, өзге де Еуразияның керамика жасау орталықтарымен мектептердің ықпал-әсерінің деңгейін, сонымен қатар сырттан әкелінген ыдыстың ұнаған үлгілеріне еліктеу элементтерін және де өз өндірісінің қыры мен сырын алып келген шетелдік шеберлердің жеке үлестерін де анықтауға мүмкіндік береді.

Жошы Ұлысының дәуірлеген және оның құлдырауынан кейінгі құрылған жаңа этно-мемлекеттік құрылымдардың мәдени-шаруашылық тыныс-тіршілігі мен саяси-әлеуметтік үдерістерінің ерекшеліктерін анықтау әрине, зерттеудің дерек көзі ретінде танылуын кеңейтпейінше мүмкін емес.

Сондықтанда, Сарайшықтың қыш бұйымдар кешеніне қатысты материалдарды ғылыми айналымға енгізу осы мақсатты жүзеге асыруға тікелей байланысты болмақ.

Сарайшық қаласын зерттеу барысында алынған тың нәтижелердің қомақты бөлігін қамтыған тек мамандар ғана емес, жалпақ жұрттың ықыласына бөленген, замана сұранысына сәйкес, дер кезінде жазылған бұл кітаптың өз оқырманына берері мол.

Көптеген жылдар бойы жүргізілген қазба жұмысының қорытындылары кезінде тарих сахнасында адуынды қимылдаған айбынды ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпағына қалдырған айшықты мирас болар белгісі тәрізді, төлтума ескерткіші негізінде жасалған зерттеулер бұдан былайғы уақытта да аруақтардың қолдауымен сәтті жалғасын тауып, жаңаша және жарқыраған материалдар табылып, елдің мерейін асқактатар деп үміттендіреді. Әрине, олардың Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңіне қатысты кейбір оқиғаларды қайтадан қалпына келтіруге септігін тигізері сөзсіз.

*Мадияр Елеуов,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор*

степень влияния других традиционных керамических школ, элементы подражания понравившимся образцам привозных сосудов, а также установить индивидуальный вклад иноземных гончаров, привнесших секреты своего производства.

Выявление особенностей хозяйственно-культурного уклада и социально-политических процессов в улусе Жошы и в этно-государственных образованиях, возникших после его распада, невозможно без расширения источниковедческой базы исследования. Введение в научный оборот материала по керамическому комплексу Сарайчика непосредственно связано с реализацией этой задачи.

Книга своевременна, востребована и содержит значительную часть результатов новейших исследований на городище Сарайчик.

Итоги многолетних изысканий вселяют надежду, что работы на этом знаковом памятнике будут успешно

продолжены и удастся получить новые яркие материалы, которые послужат основой для реконструкции некоторых событий в средневековой истории Казахстана.

*Мадияр Елеуов,  
доктор исторических наук, профессор*





Сарайшықтың тарихи  
даму белестері

Сарайчик:  
страницы истории

Saraichik:  
pages of history

**К**азіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында, әлемге аты мәшһүр, ұлы қалалардың бірі болған Сарайжұқтың (қазіргі атауы – Сарайшық) қираған орны жатыр.

Сарайжұқтың Жошы Ұлысының басқа қалаларынан бір ерекшелігі – ол кезінде мемлекеттің үлкен бір бөлігін басқару үшін арнайы салынған. Қалада ақсүйектерге арналған сарай, әкімшілік ғимараттар тұрғызылып, олардың айналасында басы еркін

тұрғындардың, көпестердің және қолөнершілердің баспаналары біртіндеп пайда болып жататын. Мүмкін, бұл жерде ертеректе де қоныс және Жайықтан өтетін көпір де болған шығар. Шексіз даланың осынау бір көрікті тұсында, Еуропа мен Азияның шекарасының оңтүстік пұшпағында көне замандардан бері көктей өтетін керуен жолындағы бұл қала Ұлы Жібек жолының маңызды бір елді мекені болатын. Дерекке сүйенсек, 1333-1334 жылдары Сарайжұқ қаласында болған араб саяхат-




**В** 50 км от современного города Атырау, на правом берегу реки Жайык, сохранились руины некогда величественного и знаменитого города Сарайджука (совр. Сарайчик). Как и большинство других городов, он был основан для управления округами улуса Жошы. В городе возводились дворцы для знати и административные здания, а вокруг них возникали кварталы вольных жителей, купцов и ремесленников. Возможно, здесь уже существовали поселение и удобная переправа через Жайык, ведь через это живописное место в бескрай-

ней степи издревле пролегал караванный путь. Город служил важным перевалочным пунктом на Великом Шелковом пути. По сведениям арабского путешественника Ибн Батуты, посетившего в 1333/1334 г. Сарайджук, «город расположен на берегу большой и быстрой реки, которая называется Улусу, что значит «великая вода». На ней мост из судов, как мост Багдадский». С востока, от Ургенча к Сарайджуку подходила трасса, которая отсюда расходилась в четырех направлениях. Одно вело вдоль реки на север, другое – через степь на

шысы Ибн Батута қала «Ұлы Су», яғни ағысы жылдам Жайықтың өзенінің жағасында орналасқан. Өзенде Бағдадтағы сияқты қайықтардан тұратын көпірі бар деп жазған болатын. Шығысы, Үргеніш жақтан оған құдық және керуен сарайлармен қамтылған үлкен жол келіп тіреледі де, ол осы жерден төрт тарапқа тарқатылады. Біреуі өзен бойлап солтүстікке, енді біреуі дала арқылы Сарай әл-Махрусса мен Сарай әл-Жәдидке, ал үшіншісі – Каспий теңізіне қарай бағыттталып, Қажы-Тарханға

және одан әрі Қырымға қарай бет алады. Олардың бәрі құдық және мөлдір бұлақтармен қамтылған керуен-сарайлы. Төртінші бағыт негізінен Каспий арқылы Иран мен Азербайжанға баратын су жолы болды.

Әлбетте, бұл өңірге жан-жақтан керуендермен бірге жолда қолданылатын және сатуға арналған әртүрлі қыш ыдыстар да келіп жататын. Бұл жерден табылған керуен сарайлардың сәулеті, тиыны мен қыш бұйымдық кешені сол кезеңдегі саяси және



столицы Сарай ал-Махруса и Сарай ал-Жедид, третья – вдоль побережья Каспийского моря на Хажы-Тархан и далее в Крым. Все они были обеспечены караван-сараями, колодцами или другими источниками чистой воды. Четвертым направлением являлся водный путь через Каспийское море в Иран и Азербайджан.

Разумеется, с караванами сюда попадали и различные керамические сосуды, предназначенные как для пользования в пути, так и для продажи. Архитектура караван-сараяев, нумизматический материал и керами-

ка, найденные здесь, пока изучены недостаточно, чтобы в полной мере и объективно реконструировать исторические процессы внутри улуса и его экономические связи с остальным миром с периода его возвышения и до распада.

В ходе археологических исследований на разных участках городища, в нижних слоях раскопов были найдены кремневые скребки, каменный пест эпохи бронзы, наконечники стрел раннего железного века. Зафиксированы остатки перерезанных последующими

экономикалық орталықтардың өз уақыты аясында қарай қалай өзгеріп тұрғанын паш етеді. Бірақ, бұл материалдар жеткілікті зерттелмегендіктен, тарихи даму мен экономикалық байланыстың Сарайшыққа байланысты жай-жапсарлары әлі ашыла қойған жоқ.

Болашақтағы зерттеулер барысында қыш бұйымдардың керуен жолы арқылы таралуы мен олардың өндіріс орталықтары анықталатын болса, ол да тарихқа қосылған тағы бір үлкен үлес болады. Ол өз кезегінде Сарайжүк тарихындағы көлеңкелі тұстарға сәуле түсіруге мүмкіндік береді.

Сарайшық жұртындағы өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында басталған археологиялық зерттеулер, Жошы Ұлысының жалпы жағдайын көрсетуде, қала өміріндегі саяси және экономикалық мәселелердің кейбірін пайымдауға мүмкіндік туғызатын мәліметтерді жинай бастады.

Сараптай келгендегі бізге белгілі қала тарихының жайы мынаған саяды. Яғни, ең төменгі мәдени қабаттағы қазбалардың бірінен шақпақ тас

жанкалары, қола дәуірінің тас келсабы, ерте темір дәуірінің қола жебе кірістері т.б. табылды.

Археологиялық зерттеулер барысында ішінара, кезекті құрылыс нысандарын басып өткен XI-XII ғасырларға тиесілі тұрақтар болжам бойынша, «қыпшақ» дәуіріне тән қыштан жасалған қарапайым ыдыстардың шала күйдірілген қара түсті бөлшектері де табылды. Мүмкін, осы жер телімінде сол кездерде кішігірім қоныстар да болған.

Осман тарихының шежірешісі Қажы Халифтың бір айтып өткен қаласы да осында болуы мүмкін. Оның айтуынша, Жайық (Жанку) өзенінің сағасында Свадж (немесе Сваих) қаласы бар, ол бұрын құмандардың астанасы болған, кейіннен ноғайлар оны қайта салып, қоныстанған. Олардың «хандары» әлі күнге дейін сонда тұрады деген екен (Трепавлов, 2002, 226). Құмандар деп автор, шамасы, сол кездегі алтынордалықтарды айтқан болар. Әзірге, Жайықтың төменгі ағысындағы жерлерде, Сарайшықтан басқа, XII ғасырға жататын қыш бұйымдар кездесе қойған жоқ.

Қазіргі кездегі қолда бар археологиялық мәлімет-



постройками жилищ XI – XII вв. и фрагменты лепных черноглиняных сосудов кыпчакского(?) облика. Не исключено, что здесь существовал небольшой городок, о котором упоминает османский хронист Хаджи Халиф. По его данным у устья реки Яик (Жанку) есть город С.ван.дж (или С.ваи.х), который ранее был столицей

куманов, а затем был отстроен и заселен ногаями, чьи «ханы» ныне живут там (Трепавлов, 2002. С.226). Возможно, куманами автор называл местное население золотоордынского времени. Кроме Сарайчика, нигде в низовьях Жайыка керамика XII в. еще не встречалась.

По существующим сейчас представлениям, жизнь города можно разделить на четыре периода.

Первый период приходился на начало его строительства – с середины XIII в. до начала правления хана Узбека (1312 г.)

Утемиш-хаджи, секретарь Ильбарс-хана (1512-1525гг.), повествуя о походе Берке-хана (1257-1266гг.) против ильхана Ирана Хулагу (1256-1265гг.), указывает, что, «пока он шел в Сарайчик, вокруг него собралось пятьсот человек. Пока же они, пройдя через Сарайчик, дошли до берега реки Идил, то собралось уже тысяча пятьсот человек» (Утемиш-хаджи, 1992. С. 97, 99) О существовании города в то время сообщал также хивинский правитель и историк Абулгази Бахадур-хан (1644-1664 гг.): «...в одно время Берке-хан отправился в город Сарайчик, основанный его старшим братом. Здесь он



терге негізделген болжам түсінік бойынша, қала тіршілігі төрт кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – қала іргетасының XIII ғасырда қаланып, Өзбек ханның билікке келуі, яғни 1312 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Өйткені, Жолбарыс ханның (1512-1525) хатшысы Өтеміс қажы өзінің



«Шыңғыс-наме» атты шығармасында Берке ханның (1257-1266) Иран ханы Құлағуға қарсы жорығы туралы айта келіп, «Ол Сарайшыққа келе жатқанда, оның маңайына бес жүз адам жиналды. Олар Сарайшық арқылы өтіп, Еділ өзенінің жағасына жеткенше, мың жарым адам жиналды» (Өтеміс қажы, 1992, 97, 99) деп көрсетеді. Қаланың сол кезде болғаны туралы Хиуа әміршісі, әрі тарихшы Әбілғазы Бахадүр хан да (1644-1664) мына жайтты мәлімдейді: «... Бір кездері Берке хан өз ағасы негізін қалаған Сарайшық қаласына аттанды. Бұл жерде ол Бұқарадан келген үлкен керуенді кезіктірді...» (Әбілғазы, 1996, 99).

Қаланың төменгі қабатынан табылған ең ертеректегі нумизматикалық материал – Еділ жағасындағы Үкек қаласында соғылған Меңгі-Темір ханның (1266-1282) дирхемі болып табылады (Самашев, Бурнашева, Базылхан, Плахов, 2006, 82). Бұдан кейінгісіне XIII ғасырдың соңына жататын Сарайшықтан табылған Токтағу ханның (1291-1313) дирхемдері.

Қала құрлысының ешбірі жоспарсыз жүзеге асырылмаған, онда көшпелі елдің қаласына тән

увидел большой караван, прибывший из Бухары...» (Абулғазы, 1996, С.99).

Самой ранней монетой, обнаруженной в нижних слоях городища, пока является дирхем хана Менгу-Тимура (1266-1282 гг.), чеканенный в городе Укек на Волге (Самашев, Бурнашева, Базылхан, Плахов, 2006, С. 82). К концу XIII в. относятся найденные в Сарайчике дирхемы Токтагу- хана (1291-1313 гг.).

Строительство города осуществлялось не хаотично, а по единому плану, с учетом опыта возведения кочевнических городов. В архитектуре домов, их внутренних интерьерах сплетались традиции городов Нижнего Поволжья, Хорезма и Сырдарьи. Построенные в основном из сырцового кирпича дома имели по 2-4 комнаты размерами 4 х 5 м и кладовые. Обычно в жилом помещении вдоль стен устраивали лежанку-суфу, обогреваемую устроенными внутри дымоходными горизонтальными каналами. На суфах встречались остатки войлочных ковров. Стены штукатурили глиной и белили.

В окрестностях города близ речных протоков располагались посевные поля, сады и огороды, орошаемые

при помощи чигирных установок. На этих участках встречаются фрагменты красноглиняных кувшинов и чигирных сосудов. Сам чигирь представлял собой большое деревянное колесо с привязанными к нему сосудами. Находящиеся в нижней части колеса сосуды зачерпывали воду, а поднявшись с помощью колеса вверх, выливали ее обычно в деревянный желоб, от которого начинался арык.

Второй хронологический этап жизни города исчисляется со второй четверти XIV в. Это время наибольшей стабильности и расцвета империи. При хане Узбеке (1312-1342гг.), когда была особенно сильна великодержавная власть, возвысились многие города и, естественно, расцвел Сарайчик. Серебряные и медные монеты в большом количестве расходились по рынкам государства. Значительное их количество обнаружено и на городище. Места их находок хронологически свидетельствуют, что это было время больших походов на р. Жайык. Ввиду затопления окраин город сконцентрировался на возвышении, перед которым река Сорочинка отходила от Жайыка на юг. На месте сломанных

дәстүрлер ескеріле отырып, белгілі бір жүйеге бағындырылып салынған. Үй сәулетіне, оның ішкі интерьеріне Төменгі Еділ жағалауы, Хорезм және Сырдария өңірі қалаларының дәстүрі де біте қайнаған. Үй құрлысы шикі кірпіштен қаланып, көлемі 4 x 5 метрлік 2-4 бөлмелерден тұрады. Әдетте, тұрақ-жай ғимаратының қабырғасын бойлата, ішінен көлденеңінен түтін өтетін құдығы бар жатын-суфа орналастырылған. Суфаның үстінен киіз-кілемнің де қалдығы да табылды. Оған қоса, үй ішінде қойма бөлмелері де болған.

Қала төңірегі де игеріліп, өзен жағаларындағы



сооружений горожане строили новые дома с прежней городской планировкой. В то же время образовался ряд городских кварталов с широкими для того времени (5м), улицами и площадями. Новые строения порой отличались от прежних. Помимо компактных многокомнатных домов возникли и многокомнатные линейно спланированные под одной крышей с хозяйственными пристройками.

Как и раньше, в жилых комнатах значительную часть площади занимала суфа. Внутренние стены-перегородки зачастую были каркасными. Стены и суфы штукатурили и белили, украшали коврами и киизами. В ряде домов полы делали из обожженного кирпича с алебастровой расшивкой. Рядом с топкой обычно устраивали санитарный слив. Для этого большой сосуд без дна полностью, до краев, зарывали в землю,

коныстарда тиісінше шығыр қондырғыларымен суғарылатын егін, бау-бақша болған. Бұл жер телімдерінде қызғылтым күйдірілген қыштан жасалған құмыралар мен шығыр ыдыстарының сынықтары да кездеседі. Шығыр үлкен ағаш доңғалақты, оған ыдыстар бекітілген, аталмыш доңғалақтың астыңғы жағындағы ыдыстармен су алынып, ол айнала келіп, жоғары жағына жеткенде, арықтардың басына орнатылған ағаш астауға құйылады.

Қала өмірінің екінші хронологиялық кезеңі XIV ғасырдың екінші ширегінен басталған. Ол империяның Өзбек хан (1312-1342) кезіндегі ең тұрақты және дәуірлеген уақытына тұспа-тұс келеді. Ол ел басқарып тұрған кезде жоғарғы билік мықты болды. Көптеген қалалардың айбынының асуымен қатар әрине, Сарайшық та гүлденді. Күміс және бақыр ақша мемлекеттің базарында көп мөлшерде таралды. Олардың бірсыпырасы қалаға жасалған қазбадан да табылды. Тиын-теңгелер табылған жерлер осы кезеңде Жайық өзенінің үлкен су тасқындары болған мезгілдерінде хронологиялық тұрғыдан дәлелдейді.

а сверху делали выкладку из обожженных кирпичей с отверстиями.

На городище у обрыва реки были обнаружены остатки бань. Они представляли собой несколько разнофункциональных помещений, сырцовые стены которых были облицованы декоративными плитками или покрыты водостойкой штукатуркой. Полы, выложенные обожженным кирпичом, имели специфическую конструкцию, обеспечивающую подогрев снизу. Зафиксированы большой сосуд-хум, видимо для горячей воды, и водосточная канава, оканчивающаяся ямой-отстойником. Воду нагревали в больших чугунных и бронзовых котлах. Одна из бань имела небольшие размеры (длина около 10м), другая растянулась более чем на 15м. Это говорит о том, что в Сарайчике, как и во всей Золотой Орде, получили распространение как общественные, так и усадебные или дворцовые, бани, предназначенные для небольшого круга людей. (Кожжа, Самашев, 2006. С. 168).

Водоснабжение города осуществлялось не только с помощью колодцев во дворах, но и перевозкой реч-

Қаланың шеткі аймақтары су астында қалып отырған кезде, қала төбеге қарай шоғырлана орналасқан. Ал ол жерлерде қазір Сорочинка деп атайтын өзен (Жайықтың бір сағасы) Жайықтан оңтүстікке қарай ығысады. Бұрынғы құрылыс нысандары бүгінде бүлінген, оларды тұрғындар бастапқыда қаланың жоспарлануына сәйкес жаңғыртып қайта салған. Ол уақытта бірқатар кварталдар жақсы ойластырылған қалалық жоспарға орай, замана талғамы үшін аса кең болып табылатын (5 м) көшелер мен алаңдарға ие болды. Жаңа құрылыс нысандары кейде бұрынғылардан



ной воды в кувшинах на арбах.

Хозяйственная деятельность горожан в это время в значительной мере была связана с производством различных товаров для города и степи. Большую долю в них занимали изделия гончарных мастерских. Слои этого времени изобилуют фрагментами гончарных сосудов. В юго-западной части городища, близ окраины, в 1998 г. был раскопан участок с множеством черепков необожженных сосудов различных форм. Предположительно, здесь существовала гончарная мастерская.

На городище зафиксированы остатки однокамерных печей для обжига гончарных сосудов. Их диаметр варьирует от 140 до 190 см, а высота достигает 120 см. Они были заглублены и имели предтопочные площадки производственного назначения, как правило, с западной стороны. Прокал стен в печах порой достигал 30 см. В предтопочной яме одной из печей были обнаружены фрагменты бракованных чигирных сосудов, сунаков и небольших кувшинов. Кроме гончарных на городище

өзгеше етіп салынған және кішігірім бөлмелі жыпырлаған үйлерден бөлек, көп бөлмелі, ұзыннан шұбақ салынған шаруашылық қора-қопсысы бар үйлер де пайда болды.

Бұрынғы тұрақжай бөлмелердің едәуір бөлігін суфа алып жатты. Ішкі бөлік қабырғалар көбіне қамысты қаркастан жасалды. Қабырға мен суфа сыланып, ақталып, кілем және түскиізбен көмкерілді. Бірқатар үйлердің едені тіпті, алебастрмен әшекейленген, күйген кірпіштен жасалған. От жағатын жерде, әдетте, толықтай жерге қазып орналастырылатын түбі жоқ үлкен ыдыс түріндегі гигиеналық су құятын арнаулы орындар, яғни, ташнаулар болған. Бұл ыдыстың үстінде тесігі бар, күйдірілген кірпіштермен қаланған.

Зерттеу барысында қалада, өзеннің тік жағасының жанынан моншаның орны табылды. Ол көп функциялы бірнеше бөлмеден тұрады. Оның шикі кірпішті қабырғасы әшекейлі тақталармен немесе суға шыдамды сылақпен тегістелген. Едені күйген кірпішпен төселіп, оны астынан жылытылуы үшін жасалған арнайы құралымдары да бар болып шықты. Қазба

действовала кирпичеобжигательная печь. Еще в 1950 г. ее исследовала экспедиция А.Х.Маргулана (Пацевич, 1956. С.221-224).

Третий хронологический период в жизни города (1360-1370 гг.) связан с междоусобицей в борьбе за престол. Набрал экономическую мощь, знать стремилась к самостоятельности. Крупные феодалы, управлявшие городами и прилегавшими к ним землями, превратили их в свои оплоты. Сарайджук в этот период оказался под сильным влиянием ханов Ак Орды. Последняя включала земли потомков Жошы, Орду-Эджена и Шейбана, простиравшиеся от реки Жайык до Западно-Сибирской низменности.


Судя по монетам в 1370-е гг. в Сарайджукке были возведены крупные здания. Одно из них, исследованное в 1997-2000 гг., представляло собой сооружение дворцового типа, в основе имевшего архитектурную планировку «хань». «Хань» возводились для почетных гостей, купцов, паломников, путешественников. Они были очень популярны на мусульманском Востоке в XIV-XVII вв. Размеры строения внушительны:



40-20 м. Находившиеся ранее на этом месте строения были спланированы и забутованы. (Самашев, Плахов, 2014. С. 60-78).

Центральная часть этого здания размером 20х20 м была возведена на двухметровой платформе с каркасом

из мощных сырцовых стен. Внутренние пространства между стенами каркаса были забутованы. В здании находилось 25 помещений. Портальная часть с южной стороны имела широкий ступенчатый пандус (подъем) с пештаком, выступающую часть здания с арочным



входом. На углах находились частично выступающие башенки. Портал был облицован кладкой из обожженного кирпича и украшен белым алебастровым декором в виде расшивок и рельефных панелей. Перед входом располагалась площадь. Предположительно, данное

жұмысы кезінде моншадан үлкен ыдыс-хұм кездесті, ол ыстық су үшін болса керек және пайдаланған су ағып барып құйылатын шұңқырмен бітетін арық та табылды. Суды шойын және қоладан құйылған үлкен ыдыста ысытқан. Келесі бір моншаның көлемі шағын болып шықты. Оның ұзындығы 10 м-ге жуық, шамасы мекен-жайлық түріндегісі болар. Енді біреуі 15 метрден астам ұзындығымен сақталған. Бұл жайт, Сарайшықта бүкіл Алтын Ордадағыдай қоғамдық және жекелеген тұлғаларға арналған жайлы немесе сарайлық моншалардың да болғандығын аңғартады (Қожа, Самашев, 2006, 168 ).

Тұрғындарды ауладағы құдықтардан да басқа сумен қамтамасыз ету, негізінен өзен суын құмыраларға құйып алып, арбамен тасу арқылы да жүзеге асырылған.

Бұл кезеңдегі қалалықтардың шаруашылық тыныс-тіршілігі қала мен далаға қажет әртүрлі тауарларды өндіруге негізделген. Оның ішінде пайыздық үлесі жағынан қыш-құмыра бұйымдары үлкен орынды иеленетін. Осы уақытқа тиесілі қабаттан қыш-құмыра ыдыстарының сынықтары молынан ұшырасады. Ол

сооружение было возведено потомком Жошы – Урус-ханом. В 1370-е гг. он укрепил подчиненные ему владения в восточной части Дешт-и Кыпчака и попытался восстановить разваливающуюся империю. Имея резиденцию в Сыгнаке, он хотел основать новую столицу своих владений в Сарайджуке. По примеру своего деда Эрзена, построившего «большую часть медресе, ханака, мечетей и прочих благотворительных сооружений», Урус-хан стал обустривать центральные города (Кляшторный, Султанов, 1992. С.198).

Вскоре здание стало разрастаться: к нему были пристроены симметричные боковые крылья, а также многочисленные помещения в тыловой части, в основном жилые. Количество их почти достигло 40. Срединная часть возвышалась над крышами прилегающих к ней помещений.

В 1380 г. при поддержке эмира Тимура Токтамыс захватил власть в Золотой Орде. Однако его устремления возродить величие государства вызвали недовольство Тимура, и начался новый этап ожесточенной борьбы за власть. Биограф Тимура, Ибн Арабшах


қаланың оңтүстік-батыс жағындағы шетінен 1998 жылы жүргізілген қазба жұмысы кезінде пішіні әртүрлі ыдыстың көптеген сынығы жатқандығынан байқалды. Олардың көптігі сонша осы маңайға жақын жерде қыш-құмыра өндіретін шеберхананың болғандығын аңғартады. Рас, қыш күйдіретін пештің өзі, зерттеу барысында табыла қойған жоқ. Дегенмен, 1950 жылы Ә. Марғұлан басқарған экспедиция қазған Жайықтың жағысына таяу ірпіш күйдіруге арналған пештің бірі табылған еді (Пацевич, 1952, 221-224).

Ғала өмірінің үшінші хронологиялық кезені (136)-1370) Алтын Ордада ақсүйектер топтарының



билік үшін өзара күрес-тартысы тұсында басталды. Экономикалық еркіндікке, құдыретке қол жеткізген бай-манаптар тәуелсіз болуға талпынды. Қала және оның маңындағы аймақтарға иелік етуші ірі феодалдар, енді оларды өздерінің тірегіне айналдырды. Бұл кездері Сарайжүк Жошының ұрпағы, Орда Ежен және Шейбанилерге тиесілі Жайық пен Оңтүстік-Сібір ойпатына дейінгі жерлерді қол астына қаратып алған Ақ Орда хандарының ықпалында болды.

Қазба нәтижелеріне қарасақ, Сарайшықтан табылған 1370 жылдары соғылған тиындар мен қатар басқа да қалаларда осы уақытта зәулім ғимараттар



писіл: «Передозые войска его дошли до Азака, и он разрушил Сарай, Сарайджук, Хажитархан и все эти кра». Тем не менее, согласно письменным источниками археологическим материалам, жизнь города не прератилась. Часть строений была восстановлена, а на развалинах домов в начале XV в. были воздвигнуты новые. По своему типу они повторяли дома предшествующего периода: комнаты того же размера (4x5м), оштукатуренные алебастром суфы-лежанки вдоль стен, отапливаемые кановой системой. Отличие состояло в том, что помещения в них были заглублены и находились ниже уровня основания стен. Нередко во дворах встречались следы от юрт. При возведении новых домов и кварталов зодчие согласовывали объекты с ранее построенными крупными и яркими сооружениями в городе, как было, например, со зданием ханы.

Несмотря на продолжающийся распад Золотой Орды, потомки Жошы не оставляли надежды на возрождение государства. Среди них был и внук Урусхана Барак оглан – отец одного из основателей Казахского ханства – Жанибека. Преодолев путь от Сырдарьи до столицы улуса Жошы – Сарая в 1420-х гг., он захватил престол, но вскоре погиб в междоусобных войнах. Важность победы над кокордынским ханом Бараком была такова, что кыпчак Аясбек, отрубивший ему голову, получил должность даруги (градоначальника) Сарайджука и ежегодное довольствие в 30000 золотых (*Кляшторный, Султанов, 1992 С.208- 212*).

Позже Сарайджук становится центром Мангытского Юрта, который при Нурадине (1426-1440гг.), сыне легендарного эмира Едиге, и его внуке Окасе сформировался в государство – Ногайскую Орду (*Ки-*

тұрғызылғанға ұқсайды. Олардың бірі, 1996 жылдан бері зерттелуде. Оның пішіні, негізінде архитектуралық «хана» тектес жобаланған сарай кешенді. «Ханалар» қадірлі қонаққа, көпестер мен тәу етушілер, саяхатшылар үшін тұрғызылатын. Ол XIV-XVII ғасырларда Шығыстағы мұсылман елдерінде өте кең таралған еді. Құрылыстың көлемі зәулім 40 x 20 метрлік. Бұл жерде бұрын болған құрылыс нысандары кезінде тегістеліп, бітеліп те тасталған (Самашев, Плахов, 2004, 60-78).

Ғимараттың 20x20 метрлік орталық бөлігінің негізгі қаңқасы екі метрлік құйылған платформаның үстіне мықтап шикі кірпіштен қаланған. Қаңқаның қабырғаларының іші де әртүрлі материалдармен толтырылып бекітілген. Ғимараттан 25 бөлме тазартылды. Оның оңтүстік жағындағы порталдық бөлігі аркалы, кіре-берісіндегі шығыңқы тұсында пештақты баспалдақты кең пандусы бар. Бұрыш-бұрышында сәл шығыңқылау жасалған мұнаралар орналастырылған. Портал күйдірілген кірпішпен қаланып, бедерлі панель және кестелі өрнектер түрінде ақ алебастрден жасалып, сәндік элементтермен қапталған.

*дирниязов, 1999, С. 107, 110).* В 1510-х гг. ближайшие преемники бия Мусы, правнука Едиге, были оттеснены с Жайыка казахами.

В период правления наиболее энергичного казахского хана Касыма (1511-1521гг.), сына Жанибека, Сарайджук являлся ставкой ханства, обширные владения которого включали значительную часть степей северо-восточного Прикаспия. Известный историк-литератор XVI в. мирза Мухаммад Хайдар Дулати в своем сочинении «Тарих-и Рашиди» сообщал о хане Касыме: «Он распространил власть свою над Дешт-и Кыпчаком; подданных у него было более миллиона; никто, кроме Жошы хана, не был так могуществен, как он. Число его войска превышало сто тысяч» (*Вельяминов-Зернов, 1864, С.139-140).*

В описании родословной Ураз-Мухаммеда сказано: «Каждый из них (сыновей и внуков Жанибек хана) образовал свой род, был государем у себя и сумел прославиться. Имена их до сих пор сохранились в памяти. Первый из них был Касым хан, рожденный от Жаган бикем. Он несколько времени царствовал в отцовском

Кіре берісінде кең алаң бар. Бұл ғимаратты, болжам бойынша Жошының ұрпағы Орысхан салдырған. Ол 1370 жылдары Дешті-Қыпшақтың шығысындағы өз иелігіне өткен жерлерде билігін нығайтып, күйреуге бет бұрған империяны қайта қалпына келтіруге тырысты. Сығанақтағы резиденциясын ұстай отырып, Сарайжұқты өз иелігінің астанасына айналдырғысы да келді. «Көптеген медресе, ханака, мешіт және басқа игілікті ғимараттар салдыртқан» атасы Еженнің үлгісіне сай, Орысхан да орталық қалаларды гүлдендіруді қолға алады (Сұлтанов, 1992, 198).



улусе и покорил многие соседние страны, его и теперь всюду помнят. Скончался он в Сарайчике, там и поныне находится его гробница» (*Вельяминов-Зернов, 1864, С. 125).* В исторической литературе утверждается, что мазар Касым хана ещё в середине XVIII в. служил местом паломничества.

После правления Касым хана, связанного с борьбой за сохранение суверенитета, в результате бесчисленных столкновений казахи временно утратили Сарайджук. В состав Казахского ханства он вновь вошел в 1568 г. при Хакназар хане (1538-1580гг.).

Четвертый этап в жизни города приходится на XV-XVI вв. В этот период жилые участки вдоль Жайыка пустеют, и население начинает концентрироваться в южной части города, вдоль ныне сухого русла реки Сорочинки, которая вытекала из Жайыка у северо-западной окраины города и огибала его с запада. Русло этой реки с довольно сильным течением из-за суглинистых

Көп ұзамай ғимарат нысандары да өсе бастайды, оның қапталдарына симметриялық түрде қанат секілдендіріліп бөлмелер де жалғанған. Арт жағы да көптеген жанама құрылыс нысандарының есебінен өсе түседі. Құрлыс саны 40 шақты болып көбейді.

Ансамбльдің орта тұсы жанамалап салынған тұрғынжайдың шатырларының үстінен биік тұрды. Негізінен олардың көбісі тұрғылықты бөлмелер болған.

Тоқтамыс 1380 жылы Алтын Орданың билігін әмір Темірдің көмегімен тартып алды. Алайда оның,



почв постоянно меняется. Возможно, в то время река вновь изменила свое русло. Посол Австрии в Московии Сигизмунд Герберштейн в 1549 году сообщал: «За татарами казанскими прежде всего встречаем татар, зовущихся ногаями (Nagai). Они живут за Волгой, около Каспийского моря, по реке Яику, вытекающему из области Сибирской. У них нет царей, а только князья. В

наше время этими княжествами владели трое (братьев), разделивших области поровну между собой. Первый из них Шидак, владел городом Сарайчиком, что за рекой Ра на восток, и страной, прилегающей к реке Яику. Другой, Коссум – всем, что находилось между реками Камой, Яиком и Ра; третий, Ших-Мамай, обладал частью Сибирской области...» На своей карте Герберштейн



Жошы Ұлысының бұрынғы дәуірлеген кезеңін қайта жаңғыртуға талпынғаны, Темірдің ашу-ызасын тугызып, билік үшін күрестің жаңа бір ширыққан кезеңін бастады да, қаланың үлкен бөлігі құлдырап қирандыға айналды. Темірдің өмірбаянын жазушы Ибн Арабшах былай деп жазады: «Оның әскерінің алдыңғы шебі Азаққа дейін жетті де, ол Сарай, Сарайжүк, Қажы Тарханды және осы өңірді түгел қиратып тастады».

Десе де, жазба деректер мен археологиялық материалдардың айғақтары бойынша, қала тіршілігі жау шауып, қиратып кеткеннен кейін де жалғаса берген. Біршама ғимараттар қалпына келтіріліп, кейіннен XV ғасырдың басында, қираған үйлердің үстінен жаңалары бой көтерген. Оларда өздерінің түр-түстерімен алдыңғы кезеңдегі үйлердің көшірмесі сияқты еді. Бөлмелердің көлемі 4 те, 5 метрлік болды. Олардың қабырғаларын бойлай жатын-суфалар орналасты, олар қандық жүйе көмегімен жылытылды. Суфалар алебастрмен сыланды. Солай бола тұра, бұл үйлер өзіндік ерекшеліктерден де құр алақан емес-тұғын. Оның мәнісі олар қабырға іргетасынан төмен орналасқан бөлмелермен

тереңдетілген. Аулаларда киіз үй орындарының ізі де жиі кездесті. Жаңа үйлер мен тұтас бөліктері салғанда сәулетшілер бұл нысандарды қаланың бұрынғы көрнекті ғимараттарымен, мысалы, хана ғимараты сияқтылармен, үйлесімін келтіріп тұрғызған.

Алтын Орда барған сайын құлдырап бара жатса да, Жошы ұрпақтары мемлекетті қалпына келтіруге деген үміттерін жоймауы себепі, олардың ішіндегі аса көрнекті тұлғалары осы мақсатты жүзеге асыруға талпынды. Соңғылардың арасында Орыс ханның немересі Барақ оғлан да бар еді. Ол – Қазақ хандығының негізін салғандардың бірі Жәнібектің әкесі-тұғын.


1420 жылдары ол Сырдариядан Жошы Ұлысының астанасы Сарайға дейін жорықпен жүріп өтіп, алтын тақты басып алады. Бірақ көп ұзамай, өзара алауыздықтан туындаған соғыстың бірінде қаза табады. Көк Ордалық Барақ ханды жеңудің маңыздылығы соншалық, оның басын алған қыпшақ Айас бек, Сарайжүк даруғасының (қала басшысының) лауазымын иемденіп, жыл сайын 30 000 алтындық ақшалай жалақы алып тұратын болды (Сұлтанов, 1992, 208-212).

обозначил город на левом берегу Жайыка (*Герберштейн*, 1988. С. 179). Там же поместил его и английский купец Антоний Дженкинсон, лично посетивший эти места в 1558 г.

Политический центр Орды в этот период располагался на его основной территории – в степях между Жайыком и Волгой. Сарайджук же стал столицей ногаев. В состав ногайского государства, основанного на политическом объединении разных родов и племен, входили найманы, кыпчаки, алаши, канглы, алчины, коньраты, катаганы, уйгуры, ткаи, мангыты и другие. Господствующим племенем в Ногайской Орде были мангыты. Считается, что термин «ногай» появился в русских документах конца XV в. (*Кидирнязов*, 1999. С. 7-8).

После распада Ногайской Орды значительная часть родов и племен, имея один и тот же этнический состав и родственные связи, вошла в жузы, приняв участие в сложном процессе формирования казахской народности.

Сарайджук ногайского периода являл собой город-крепость, обнесенный со всех сторон стенами. Остатки



укреплений сохранялись до середины XIX в. Побывавший здесь в 1824 г. историк и этнограф А.И. Левшин, очевидно, видел главный въезд в крепость, отмеченный двумя треугольными бастionsами. Крепость имела подпрямоугольную форму. В центральной части, ближе к западу (к реке Сорочинке), находится холм с остатками

Кейіннен Сарайжүк аты аңызға айналып, батырлар жырының кейіпкері болған Едіге бидің ұлы – Нұраддин мен оның баласы – Оқастың кезінде Ноғай Ордасы мемлекеті болып құрылған, Маңғыт жұртының орталығына айналады (Қыдырниязов, 1999, 107-110). Едігенің шөбересі – Мұса бидің жақын мұрагерлерін 1510 жылдары Жайықтан қазақтар ығыстырып шығарады.

Жәнібектің қайратты да, қажырлы ұлы Қасым ханның (1511-1521) билік құрған кезінде, оның қол астына қараған ұшы-қиырсыз жердің батыс шебі Каспий жағалауының солтүстік-шығыс бөлігіндегі едәуір даланы қамтып, ханның өз ордасы Сарайжүкте орналасты. Белгілі тарихшы, һәм әдебиетші Мұхаммед Қайдар Дулати мырза өзінің атақты «Тарих-и Рашиди» атты шығармасында былай деп мәлімдейді: «Ол өз билігін Дешті-Қыпшақтың үстіне жайды; оның бодандарының саны миллионнан асты; Жошыдан басқа ешкім дәл ондай құдыретті болып көрген емес. Оның әскерінің саны жүз мыңнан асатын». (Вельяминов-Зернов, 1864, 139-140).

Ораз-Мұхаммедтің шежіресінде айтылған: «Олардың әрқайсысы (Жәнібек ханның балалары мен немерелері) өз руын құрды, өз алдына билік жүргізді және аттарын шығара алды. Олардың есімдері әлі күнге шейін ауыздан түспейді. Алғашқысы Жақан бикеден туылған Қасым хан. Ол өз әкесінің ұлысында бірталай уақыт патшалық етті және көптеген көрші елдерді бағындырды, оның аты қазірдің өзінде барлық жерде ұмыт болған жоқ. Сарайшықта қайтыс болды, сонда жерленді, оның зираты күні бүгінге шейін сол жерде» (Вельяминов-Зернов, 1864, 125). Тарихи әдебиеттерде Қасым ханның мазары XVIII ғасырдың ортасында да ел-жұрт тәу етуге келетін орын болғаны жөнінде айтылады.

Қасым ханның билігінен кейінгі Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күрескен тарихи даму жолында көптеген қактығыстардың нәтижесінде, қазақтар уақытша Сарайжүктен айрылып қалады да, 1568 жылы Хакназар ханның (1538-1580) кезінде қайтадан Қазақ хандығының иелігіне қайтарылды.

Қала тіршілігінің төртінші кезеңі XV-XVI

окужающих его стен. Старые казаки в начале XX в. вспоминали, что на южной стороне этого возвышения некогда стояла башня из обожженного кирпича, от которой ныне не осталось и следа (Трепавлов, 2001. С. 242; Самашев, Кожжа, 2007. С.236-257).

Дома Сарайджука, возведенные в то время, были



многокомнатными, размером около 20x12м. Помещения, как и прежде, конструировались размером 4x5м, с традиционными лежанками-суфами, обогреваемыми внутренними канами от топок с тандыром. Но наряду с этой традиционной, существующей с XIIIв., системой отопления жилых помещений встречены топки, характерные для присырдарьинских городов. Они не имели топочного отверстия; кизяк, камыш или дрова закладывали в них сверху. Полы в комнатах были выложены обожженным кирпичом, также имелись умывальники-ташнау.

Вместе с керамическими и другими изделиями здесь найдены монеты как местной, так и среднеазиатской чеканки, а также крымские серебряные дирхемы (Самашев, Бурнашева, Базылхан, Плахов, 2006. С. 162-165).

Помимо жилых домов в юго-восточной части городища был обнаружен целый комплекс технических печей, не имеющих отношения к обжигу кирпичей и керамических сосудов. Какого-либо печного припаса для обжига изделий также не встречено. Печи были сделаны

ғасырларға жатады. Бұл кезеңде Жайықты жағалай орналасқан мекен-жайлы жер телімдері бос қалды да, тұрғындар қаланың оңтүстік ауданына, қаланың солтүстік-батыс шетіне қарай ағылып шұбап шығып, оны батыстан орағытып өтетін Жайықтың саласы, қазіргі кезде құрғап қалған Сорочинка өзенінің жағасына шоғырлана бастайды. Бұл өзен ағысы едәуір қатты және топырағы лайсаң болғандықтан арнасын ұдайы өзгертіп тұрған. Бәлкім сол кездерде өзен тағы да арнасын өзгерткен болар.

